

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс – әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №4 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы КМҚК

Топ: «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы, 2025ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене тәрбиесі	<p>Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;</p> <p>Дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;</p> <p>Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;</p> <p>Дене тәрбиесі жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;</p> <p>Әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;</p> <p>Ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау;</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бір аяқпен секіру (4-5 рет, оң және сол аяқпен). 2. Қапшықты оң және сол қолымен көлденеңінен нысанаға (2-2,5 м. қаш-н) дәлдеп лақтыру. 3. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. <p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қысқа секіртемен секіру (демалу үзілістері бар 2-3 реттен, 10 рет секіру). 2. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. 3. Табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу. <p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бір аяқпен секіру (4-5 рет, оң және сол аяқпен). 2. Оң және сол қолымен көлденеңінен нысанаға (2-2,5 м. қаш-н) дәлдеп лақтыру. 3. Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу. <p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. 2. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру. 3. Гимнастикалық қабырғамен аралықтан аралыққа, оңға-солға ауысу. <p>Негізгі қимылдар:</p>

1. Бір аяқпен секіру(4-5рет, оң және сол аяқпен).
2. Қапшықты оң және сол қолымен құм салынған көлденеңінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру.
3. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.

Негізгі қимылдар:

1. Қысқа секіртемен секіру(демалу үзілістері бар 2-3реттен, 10рет секіру).
2. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.
3. Табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу.

Негізгі қимылдар:

1. Бір аяқпен секіру(4-5рет, оң және сол аяқпен).
2. Оң және сол қолымен құм салынған қапшықтықты көлденеңінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру.
3. Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу.

Негізгі қимылдар:

1. Қысқа секіртпемен секіру(демалу үзілістері бар 2-3реттен, 10рет секіру).
2. 50см керілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру.
3. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.

Негізгі қимылдар:

1. Еденнен көтерілген баспалдақ тақтайдан жүріп өту.
2. 20-25см. биіктікке секіру.
3. Құрсаудан еңбектеп өту.

Негізгі қимылдар:

1. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-бдоп арқылы кезекпен) аттап өту..
2. Ағаш аяқпен жүру.
3. Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу.

Негізгі қимылдар:

1. Гимнастикалық қабырға бойынша оңға-солға ауысып өрмелеу.
2. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см).
3. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.

Негізгі қимылдар:

1. Қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5-бдоп арқылы кезекпен) аттап өту.
2. Оң және сол қолымен көлденеңінен 2-2,5м қашықтықта дәлдеп лақтыру).
3. 20-25см. биіктікке секіру

Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:

Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында дене жаттығуларын орындау.

Дербес қимыл белсенділігі:

Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке

		<p>ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау;</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту. Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру;</p>
	<p>Музыка</p>	<ul style="list-style-type: none"> -Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту; -Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру; - Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу; -Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету(ақырын, қатты, баяу, жылдам)жоғары дыбыстарды ажырату; -Музыкалық ырғақты қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылығын тудыру; -Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту шапшаңдық пен ептілік таныту; -Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу. -Музыканың тыңдау мәдениетін сақтау. Музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау. -Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру.

	<p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: -Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту; ызың және үнді (р,л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру; Сөздік қор: -Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту;тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолдану маңыздылығын түсіну; Тілдің грамматикалық құрылымы: -Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету; Байланыстырып сөйлеу -Диалогтік сөйлеуді жетілдіру; әңгімеге қатысуға баулу диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс және толық жауап беруге баулу;</p> <p>-Балалар әдебиетіне қызығушылықты дамыту, ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға,кітапқа қызығушылыққа баулу; -Көркем шығармаларды мұқият тыңдауға, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау -Шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, есте сақтауға үйрету; -Сахналық қойылымдарға қатысуға, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға үйрету;</p>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта: -Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстарды талқылауға мүмкіндік беру; Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: -Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды дамыту; Сөздік қор -Қоршаған ортадағы заттардың (өсімдіктердің, жануарлардың,құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың) атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: -Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету; Байланыстырып сөйлеу: -Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру;</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: -Балаларға жиын, оның әр түрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету; Сан, санау: -5 ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, 5-ке дейінгі сандармен таныстыру; Шама: -Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жәйлы түсінік беру.</p>

	<p>Геометриялық фигуралар: -Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді(куб,шар, цилиндр) танып атай білуге үйрету;</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: -Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен)</p> <p>Уақытты бағдарлау: -Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш,түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту;</p>
Сурет салу	<p>- Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу;</p> <p>-Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету,заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан ырғақты түрде бояуға дағдыландыру;</p> <p>-Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды да ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізе білуге үйрету;</p> <p>-Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту;</p>
Мүсіндеу	<p>-Ермексаз,сазбалшық, пластикалық кесектерден әр түрлі тәсілдерді қолдануды үйрету;</p> <p>-Өртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін июге үйрету;</p> <p>-Жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеуді дағдыландыру;</p> <p>- Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге икемділіктерін арттыру;</p>
Жапсыру	<p>-Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту</p> <p>-Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру, түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету:</p> <p>-Композицияны құрастыру кезінде нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескерте білуге үйрету</p> <p>-Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету;</p>
Құрастыру	<p>-Құрылыс материалдарынан , «лего» конструкторлардан құрастыру дағдыларын меңгерту, орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді көлденеңінен орналастыруды үйрету;</p> <p>- Құрылыс бөлшектерін ажыратуға (текше, пластина, кірпіш, блок) және атауға тандай білуге үйрету;</p> <p>-Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге , бұрыштарын және қырларын біріктіруге үйрету;</p> <p>-Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен заттар даярлауға баулу.</p>
Қоршаған әлеммен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үй -Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру, ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, жеке басын құрметтей білуге үйрету;</p> <p>Заттық әлем: -Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары: -Өртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру;</p>

	<p>Еңбекке баулу: -Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру;</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие: -Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге , ренжіген балаға жанашырлық танытуға баулу;</p> <p>Менің Отаным Қазақстан: -Отанымыз ҚР деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту;</p> <p>Жолда жүру ережелері: -Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету;</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары: -Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын қалыптастыру;</p> <p>Өсімдіктер әлемі: -Өсімдіктер, оларға күтім жасау туралы түсінігін дамыту;</p> <p>Жануарлар әлемі: -Төрт түлік және олардың төлдері туралы, оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту;</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық еределері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету: -Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту;</p>
--	---

Білім беру ұйымы: №4 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасыКМҚК

Топ: «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қазан айы,2025ж

Дене тәрбиесі

Міндеттері:

Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;

Дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;

Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;

Дене тәрбиесі жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;

Әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;

Ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау;

Негізгі қимылдар:

1.Түрлі бағытта жүгіру.1,5м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) нысанаға дәлдеп лақтыру.

2.Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру

3.(2-3рет жүрумен кезектестіре отырып,10 рет секіру).

Негізгі қимылдар:

1.Заттар арасымен доптарды домалату.

2. 1,5м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5м) нысанаға дәлдеп лақтыру.

3.Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру.

Негізгі қимылдар

1) Допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып қағып алуды бекіту. 2)Шығыршықтан-шығыршыққа секіру.

3)Доға астынан бір бүйірімен еңбектеу.

Негізгі қимылдар

1)Гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеуді бекіту.

2) Алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіруді бекіту.

3)Басқа дорбаша қойып, еденде созылып жатқан арқан үстімен жүру.

Негізгі қимылдар

1)Мұғалім белгісі бойынша түрлі қарқында жүру.

2)Биіктігі 40см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу.

3)Допты еденнен ыршытып жоғары лақтыру, қос қолмен қағып алу

Негізгі қимылдар

1)Сапта бір қатармен,аяқтың ұшымен,өкшемен журу.

2) Тізенің арасына қапшықты қысып,қос аяқтап секіру.

3)Биіктігі 40см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу.

Негізгі қимылдар:

1. 8м дейінгі қашықтықта заттар арасымен тура бағыт бойынша төртағандап еңбектеу

2.Түрлі тапсырмалармен жүгіру:шапшаң және баяу қарқынмен., жетекшімен ауыса отырып жүгіру.

3.Гимнастикалық бөрене бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру, секіріп, қос аяқпен тұру

Негізгі қимылдар:

1.Гимнастикалық бөрене бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру, секіріп, қос аяқпен тұру.

	<p>Музыка</p>	<p>-Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. -Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнаймен барабанда қарапайым әуендері ойнау. -Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру;</p> <p>-Балалар музыкалық аспаптарды тану және атау; -Қазақтың қара домбыра аспабының дауысын тану, ажырату, қабылдау. -Әр-түрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын калыптастыру;</p> <p>-Музыкалық жоғары дыбыстарды ажырату, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер сен күйлерді тыңдату;</p> <p>-Балаларды ән айтуға үйрету. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелденуінсіз ән айтуға баулу.</p>
	<p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: -Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу; Сөздік қор: -Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау; Тілдің грамматикалық құрылымы: -зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу -Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу; -Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру; -Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру; -Санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. -Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру;</p>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта: -Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға үйрету; Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p>

		<p>-Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>-Туыстық қарым-қатынасты ("сіңлі", "жеңге", "жезде", "нағашы", "жиен", "бөле") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>-Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын "емес" шылауын қолдана білуге үйрету,</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>-Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру:</p>
	Математика негіздері	<p>Жиын:</p> <p>-Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету;</p> <p>Сан, санау:</p> <p>-Сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету;</p> <p>Шама:</p> <p>-Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыруды үйрету.</p> <p>Геометриялық фигуралар:</p> <p>-Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді үйрету.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау:</p> <p>-заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p>Уақытты бағдарлау:</p> <p>-Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, "бүгін", "кеше", "ертең" туралы ұғымдарын кеңейту</p>
	Сурет салу	<p>- Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу;</p> <p>- Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту;</p> <p>- Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту;</p> <p>- Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p>

	Мүсіндеу	<p>-Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру;</p> <p>-Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру;</p> <p>-Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру;</p> <p>-Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу;</p>
	Жапсыру	<p>- Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану;</p> <p>-Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>-Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруге үйрету.</p> <p>-Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеуді үйрету;</p>
	Құрастыру	<p>-Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу;</p> <p>-Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру;</p> <p>-Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>-Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау;</p>
	Қоршаған әлеммен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үй</p> <p>- Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу.</p> <p>Заттық әлем:</p> <p>-Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары:</p> <p>-Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу</p> <p>Еңбекке баулу:</p> <p>- Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие:</p> <p>-Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p>

Менің Отаным Қазақстан:

-Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу.

Жолда жүру ережелері:

-Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, "Жаяу жүргінші өткелі", "Қоғамдық көлік аялдамасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.

Өлі табиғат құбылыстары мен заттары:

-Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.

Өсімдіктер әлемі:

-Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.

Жануарлар әлемі:

-Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.

Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық еределері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету:

-Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.

Білім беру ұйымы: №4 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасыКМҚК

Топ: «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Қараша айы, 2025ж

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	<p>Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;</p> <p>Дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру.</p> <p>Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру;</p> <p>Дене тәрбиесі жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.</p> <p>Өртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу;</p> <p>Ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау;</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none">1. Сапқа тұру құрылымын өзгертіп, қайта тұру.2. 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см).3. Қапшықты оң және сол қолымен көлдененінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру <p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none">1) Зат арасымен түрлі жылдамдықпен-баяу, жылдам жүгіру.2)Арқан баспалдақпен бір тәсілмен өрмелеу.3) Гимнастикалық орындық үстімен әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан қолға ауыстырып жүру. <p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none">1)Гимнастикалық орындық астынан еңбектеп өту.2) Гимнастикалық орындық үстімен әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан қолға ауыстырып жүру.3)Гимнастикалық қабырғаның басына дейін өрмелеу, келесі аралыққа ауысып төмен түсу. <p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none">1) Гимнастикалық орындық үстінде қойылған заттардан аттап жүру.2) Орнынан биіктікке секіру.3) 2-2,5 м арақашықтыққа асықты дәлдеп лақтыру. <p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none">1)Заттар арасымен жүру.2)Гимнастикалық қабырғаның басына дейін өрмелеу, келесі аралыққа ауысып төмен түсу.

3) Гимнастикалық орындық үстінде қойылған заттардан аттап жүру.

Негізгі қимылдар:

1.4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 40-50см).

2.Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.

3. Табан мен алақанға сүйеніп, төрттағандап еңбектеу.

Негізгі қимылдар:

Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру.

10-15см биіктікке секіру.

Құрсаудан еңбектеп өту.

Негізгі қимылдар:

1.Қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру. (10-секунт)

2.Жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру.

3. Гимнастикалық қабырғамен аралықтан аралыққа, оңға-солға ауысу..

Негізгі қимылдар:

1.20-25см биіктікке секіру.

2.Оң және сол қолымен көлденеңінен нысанаға (2-2,5м қаш-н) дәлдеп лақтыру.

3. Гимнастикалық бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.

Негізгі қимылдар:

1. 50-см керілген арқанның астынан, оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру.

2.4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру. (сызықтардың қаш-ғы 30-40см).

3.Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.

Негізгі қимылдар:

1. 50-см керілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру.

2.Қапшықты оң және сол қолымен көлденеңінен нысанаға (2-2,5м.қаш-н) дәлдеп лақтыру.

3.4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру.(сызықтардың ара қаш-ғы 30-40см).

Негізгі қимылдар:

1.50-см керілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіру.

2.Табанмен алақанға сүйеніп төтр тағандап еңбектеу.

3.10-15см. Жоғары биіктікке секіру.

Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:

Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында дене жаттығуларын орындау.

Спорттық жаттығулар:

велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу

	<p>Спорттық ойын элементтері: Баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүру</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау..</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту. Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру.</p>
<p>Тіл дамыту және көркем әдебиет</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. - Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту, заттардың атауларын бөліктері мен бөлшектерін, олардың қолданылу маңыздылығын түсіну</p> <p>Сөздік қор. - Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы -зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу -Балаларды әңгіме айтуға үйрету, затты, суреттегі өз бетінше қарап сипаттауға -Балалардың түрлі әрекеттерінде кітапқа деген қызығушылығын ертегі мазмұнын дұрыс қабылдауға үйрету .Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу -Өлеңдерді жаттауды түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолдануға үйрету. -Шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта. -Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. -Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды. Фонематикалық естуді анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту</p> <p>Сөздік қор. -Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p>

	<p>-Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету</p> <p>Байланыстырып сөйлеу</p> <p>-Қарым-қатынас барысында өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға мүмкіндік беру</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын</p> <p>-Балаларға жиын туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Сан, санау</p> <p>-5 ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші», сұрағына жауап беруге үйрету</p> <p>Шама</p> <p>-Ұзындығы, ені және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерді қолдануды үйрету.</p> <p>Геометриялық фигуралар</p> <p>- Балаларды геометриялық фигураларды дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш танып, атай білуге үйрету. Балаларға адам өмірі мен еңбегін жеңілдету үшін тұрмыстық техниканың маңызын түсіну дағдыларын дамыту. Тұрмыстық заттарға ұқыпты қарауға дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үй.</p> <p>-Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтей білуге үйрету. Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).</p> <p>Заттық әлем.</p> <p>-Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білімдерін кеңейту.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары</p> <p>-Қозғалыс ортасын ескере отырып, и көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру, әр түрлі көлік құралдарымен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру</p> <p>Еңбекке баулу</p> <p>-Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>-Келісіп ойнауға құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтармен бөлісуге, құрдастарының өтініші бойынша бөлісуге, әділ пікірін білдіруге баулу</p> <p>Менің Отаным Қазақстан:</p> <p>-ҚР бас қаласы-Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары туралы ұғымдарын дамыту</p> <p>Жолда жүру ережелері:</p> <p>-Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру; жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, қоғамдық көлік аялдамасы, жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары</p>

	<p>-Бақылау күнтізбесіндегі ауа райын белгілеу (суық, жылы, шуақты, қар, жаңбырлы, жел соқты) соған сәйкес келтіру</p> <p>Өсімдіктер әлемі:</p> <p>-Бақылау эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін қажеттілігін анықтау</p> <p>Жануарлар әлемі:</p> <p>-Төрт түлік және олардың төлдері , оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық еределері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету:</p> <p>-Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтауға баулу</p>
Құрастыру	<p>- Үлгі суретке қарай отырып лево конструкторларынан құрастыруға үйрету.</p> <p>- Құрастыруға арналған құрылыс бөлшектерін ажырату, (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, олардың сапасы, көлемі бойынша пішін таңдауға үйрету</p> <p>- Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра үйрету.</p> <p>- Бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру</p>
Сурет салу	<p>- Балаларды суреттерді қылқаламмен бояуға үйрету, қаламмен бояуда бір бағытта жоғарыдан төменге және солдан оңға қарай сызу арқылы сурет салуды үйрету</p> <p>- Заттардың пішінін дөңгелек, шаршы, тікбұрыш, ұшбұрыш пішіндегі көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерін бекітіп, көлемі бойынша арақатынасын бекітуге үйрету</p> <p>- Қылқаламды үстінен баса отырып жуан сызықтарды, ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.</p>
Мүсіндеу	<p>- Бірнеше бөліктерден тұратын дене мүшелерді мүсіндеуге үйрете отырып, олардың орналастыру пропорцияларын сақтауға, бөліктерді біріктіруге үйрету</p> <p>- Қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу</p> <p>- Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану, кескіштің көмегімен жасалған бұйымды безендіруге үйрету</p> <p>- Ертегілер тақырыптарында бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру</p>
Жапсыру	<p>- Жапсыру мен шығармашылық әрекетке деген қызығушылығын ертегідегі үйшікті жапсыруда балалардың қиялын дамыту.</p> <p>- Дайын пішіндерден әртүрлі бейнелерді (көлік, жануарлар, құстар, гүлдердің) пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру</p> <p>- Түзу сызық бойымен алдымен қысқа жол, кейін ұзын жолды жолақтарды қиюды үйрету.</p> <p>- Дайын пішіндерден жануарлар пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру</p>
Музыка	<p>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету.</p> <p>Балаларды күз сыйы көкөністермен, жемістерін таныстыру. Күздегі табиғат сұлулығына назар аударту. Әнді орындағанда үндесіп, бірін-бірі тындап айтуға үйрету.</p>

		<p>Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Кішкентай жастан еңбекке баулу. Үлкендердің еңбегі туралы пікірлесу. Халық әнін нақышына келтіре орындау.</p> <p>Музыкалық шығармашылық қабілеттерін ұштау. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділіктерін арттыру. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.</p>
--	--	--

Білім беру ұйымы: №4 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы КМҚК

Топ: «Айгөлек» ересек тобы

Балалардың жасы: 4жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: Желтоқсан айы, 2025ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене тәрбиесі	<p>Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру;</p> <p>Дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру;</p> <p>Негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру.</p> <p>Дене тәрбиесі жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу.</p> <p>Ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бір аяқпен секіру (4-5 рет, оң және сол аяқпен). 2. Қапшықты оң және сол қолымен көлденеңінен нысанаға (2-2,5 м. қаш-н) дәлдеп лақтыру. 3. Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.

Негізгі қимылдар:

- 1.Қысқа секіртемен секіру (демалу үзілістері бар 2-3реттен, 10рет секіру).
- 2.Бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.
